

**"Жылу энергиясын тұтыну нормасын бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 5 тамыздағы N 295 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 518 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 қаңтарда N 13-11-163 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы N 8 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 09.01.2013 N 8 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес және жылу энергиясын тұтыну нормасын анықтау үшін ұсынылған есептеулер негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жылу энергиясын тұтыну нормасын бекіту туралы» Тайынша ауданы әкімдігінің 2009 жыл 5 тамыздағы № 295 қаулысына (мемлекеттік тіркеу реестрінде 2009 жыл 4 қыркүйекте № 13-11-154 тіркелді, 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі «Тайынша таңы» газетінде, 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі «Тайыншинские вести» газетінде жарияланды) келесі толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулы 2 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын: «Теплоком-норд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылытатын Тайынша қаласының тұрғын үйлер үшін жалпы алаңының бір шаршы метрге жылу энергиясын тұтыну мөлшері айына, жылыту мезгіліне 0,0388 гекоколори/м<sup>2</sup> к ө л е м і н д е б е к і т і л с і н » .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Маковский*